

“Bal Ayim” бебекшай-бақшасы

Элемді тербеткен аяулы –ана!

Топ: “Балжан” кіші тобы

Топ тәрбиешілері: Жанзахова Гулсина

Нағметуллаева Зарина



2024–2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Әлемді тербеткен аяулы-ана!»

Максаты:

- мерекелік көңіл-күйін құру;
- ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру;
- өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелу.

Жүргізуші:

«Бар жаксылық, құллі әлемге тараған, аналардың ақ нұрынан жарапған» дей отырып қадірлі аналар, ардакты әжелер сіздерді көктеммен құлімдей келген халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, мол бакыт тілейміз және кішкентай бүлдіршіндеріміздің дайындаған

«Әлемді тербеткен аяулы-ана!» атты мерекелік ертегілігімізді тарту етеміз .

**Бүгін Наурыздың сегізі
Сұлулықтың негізі
Әдемі сез адамның
Анаға айтар лебізі**

**Армысың әжелерім, аналарым
Мейірбан әппақ көңіл даналарым
Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен
Құттықтайды Сіздерді балаларың**

Музыка әуенімен, балалар залга кіреді.

Би: «Күйришақтар»

Би биткен соң балалар орындарына отырады.

Жүргізуші:

- Балалар, әлемдегі ең жақсы, ең мейірімді , ең жүрегі жұмсақ кім екен?

Балалар:

- Аяулы анамыз!

Жүргізуші:

- Балалар, айтындаршы.

Бізді жақсы көретін,

Бар жаксыны беретін.

Баласы үшін әрдайым,

Мейірімін төгетін

- Ол кім?

Балалар:

- Анашым!

Жүргізуші:

**Жүрегіме жыр шашып,
Нұр төгетін Сіз екен.
Құтты болсын анашым,
Құтты болсын мерекен!**

Жүргізуші:

- Ой, балалар, тыңдаңдаршы, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық!
Бұл кім екен?

(Әуенмен залға Көктем аруы кіреді)

Көктем: Сәлеметсіз бе, қонақтар! Айнала қандай тамаша! Балалар бүгін бәрің әдемі киініп алышындар гой. Міне мен сендерге асыға жеттім келе жатқан көктем мерекелерін құтты болсын.

Сәлем бердім нәзік, сұлу қыздарға,
Сәлем бердім ержүрек бар ұлдарға.
Кездесуге асықтым мен сіздермен,
Биленсін би, айтылсын ән бұл залда.

Көктеммін мен

Мерекемен құттықтағым келеді.

Ақ әжелер, аяулы бар аналар,
Мерекеміз құтты болсын балалар!

Жүргізуші:

- Сәлеметсің бе, Көктем! Сен біздің аналарымыз бер кыздарымызды және әжелерімізді 8 наурыз мерекесімен құттықтауға асығып жетіпсін. Көп рахмет саған! Төрлет, ән тыңдалап демінді ал.

Ана деген өмірдегі ұлы есім,
Бақ тілесе анадай – ақ тілесін.
Ана деген ардақты ат, сен оны,
Ана жайлы ән тыңдасаң білесің.

- Біздің балалар аналарымызға арнап дайындаған әсем әнін тарту етеді.

Ән: «Ана» туралы

Жүргізуші:

Сенен ескен балалар

Батырлар мен даналар

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті аналар- дей отырып балалардың аналарына арналған биіне кезек берейік

Би: «Джентельмен»

Көктем: -Жарайсындар балалар! әндіде жақсы айтасындар , би де әдемі биледіндер. Мен сіздермен би ойын алыш келдім.

Балалармен ойын «Сыйлайыншы гүлімді!»

Жүргізуші:

Мекерекеге келді бүгін әжелер
Әжелерге әнде айтып беріндер.

- Балалар, әжелерге арнап ән айтып береміз бе? Қане ортага шыгайық.
Жүргізуши: «Әжетайым» әні

Жүргізуши:

Бәрі жақсы ананың

Бәрі оның керек-ау

Бірақ әрбір баланың

Өз мамасы бөлек –ау дей келіп балалар аналарына арнап тақпақтарын тарту
етсін

Жүргізуши:

- Көктем біздің балалардың билері, әндері саған ұнап жатыр ма?

Көктем:

- Ия әрине ұнап жатыр! Балалар жақсы дайындалыпты. Мен аналарғада бір ойын ала келдім.

Аналармен ойын «Сәйкесін тап»

Жүргізуши:

- Біздің аналарымыз керемет жандар гой. Бір жағынан кір жуып кояды, бір жағынан, сабак оқытып, балалар бірдеңе бүлдіріп қоймасын деп қарап жүреді, үйде барлығына да үлгереді.

Ендеше кезекті биге берейік _____

Көктем:

- Балалар менің кететін уақыттым болды. Мен сендермен қоштаспаймын. Әлі де мен сендермен бірге боламын. Сендер мені далаға серуенге шыққанда көретін боласыңдар. Көріскенше сау болындар балалар. Музыка ойналады, Көктем залдан шығып кетеді.

Жүргізуши:

- Ал біздің балалар аналарына, әжелеріне арнап сыйлықтар дайындаады. Кәне балалар сыйлықтарынды табыстанлар.

(*Балалар сыйлықтарын уlestіреді*)

- **Жүргізуши:** Осымен біздің «Балжан» кіші тобының «Әлемді тербеткен аяулы – ана!» атты ертеңгілігі аяқталды,

Қымбатты да аяулы аналар мен әжелер!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздерсіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық!

